

Аннотация

Асрандина С.Ш. Биотехнология негіздері: өсімдіктер биотехнологиясы – Алматы: Қазақ университеті, Оқулық (РУМС). – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 405 бет. 25,3 б.т.

Оқулықта өсімдіктердің клеткалары мен ұлпа культураларын өсіру технологияларының теориялық және практикалық негіздері толық қамтылған. Өсімдіктер биотехнологиясы саласында қолданылатын негізгі және заманауи әдістердің: өсімдіктерді клондық микрокөбейту және сауықтыру, прогамдық және постгамдық сәйкессіздікті жеңу, гаплоидтық технология, клеткалық селекция, клеткалық және гендік инженерия, генофондты сақтау мәселелері жан-жақты талқыланған.

Оқулық ЖОО-да «Биотехнология» білім беру бағдарламалары бойынша «Өсімдіктер биотехнологиясы», «Биотехнология негіздері» және «Клеткалық биотехнология» курстарын оқуға арналған. Сонымен қатар оқулықты биология, ауылшаруашылық және педагогика білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, ғылыми қызметкерлерге қолдануға болады.